

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

Ақпараттық- технологиялар және экономика факультеті

«Бизнес және басқару» кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6B04116 Экономика

Түскен жылы – 2023

Семей, 2023 жыл

«Бизнес және басқару» кафедрасында құрастырылды

"Бизнес және басқару" кафедра мәжілісінде талқыланып мақұлданды (№ 8 хаттама 13 сәуір 2023 жыл)

Факультет бойынша сапа жөніндегі Академиялық кеңес отырысында қаралды және бекітуге ұсынылды (№3 хаттама 03 мамыр 2023 жыл)

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді (№ 5 хаттама 25 мамыр 2023 жыл)

Құрметті "ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY" студенті, Сіздің назарыңызға элективті пәндерінің каталогы ұсынылып отыр. Бұл барлық элективті пәндерінің қысқаша сипаттамасы бар жүйеленген тізімі. Ол Сіз үшін, жеке дара оқыту траекториясын дербес, оперативті, икемді және жан-жақты қалыптастыруға мүмкіндік жасау мақсатымен құрастырылған. Бұл Сіздің жеке дара оқу жоспарыңызды құруға қажетті көмекшіңіз.

Оқытудың кредитті технологиясында барлық оқу пәндері үш циклге бөлінеді: жалпы білім беру пәндері (ЖБП), базалық пәндер (БП) және кәсіби пәндер (КП). Көрсетілген циклдардың әрқайсысындағы пәндер келесі түрлерге бөлінеді: міндетті компонент, ЖОО компоненті және таңдау компоненті (элективті пәндер).

Міндетті компонент пәндері білім беру бағдарламасы бойынша жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен айқындалады және студенттердің оқуы үшін міндетті.

Элективті компонент пәндері жұмыс берушілер мен білім алушылардың қатысуымен кафедра отырысында білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылады. Элективті курстардың барлық ұсынылған тізімінен сіз ең қызықтысын таңдай аласыз.

Жеке оқу жоспарыңызға енгізу үшін каталогты пайдаланып элективті курстарды таңдау әдістемесі келесідей:

1. Курсты және оқу семестрін тізімнен табыңыз.
2. Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының құрылымынан берілген элективті пән бойынша кредиттер санын анықтаңыз.
3. Элективті оқу пәндерінің тізімімен мұқият танысып алыңыз. Оқу пәндері таңдалатын курстарға сәйкес нөмірмен біріктірілгеніне назар аударыңыз. Элективті пәндердің әр тобынан тек бір элективті оқу пәнін таңдауға болады.
4. Сізді қызықтырған элективті оқу пәндерінің түсініктемесін оқып алыңыз, таңдауыңызды жасаңыз.
5. Сіз таңдаған курстар бойынша кредиттің жалпы санының жоғары білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес талап етілетін кредит көлеміне сәйкестігін тексеріңіз..
6. Элективті пәндерді таңдау кезінде эдвайзердің көмегін пайдаланыңыз.

№	Пән атауы	Кредит саны	Пререквизит-тер	Пост-реквизиттер	Оқыту мақсатын, қысқаша мазмұныны және оқытудың күтілетін нәтижелерін (білім, іскерлік, дағдылар, хабардарлық) көрсетумен қысқаша сипаттамасы
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР					
ТАҢДАУ КОМПОНЕНТТЕРІ (ТК)					
Модуль 10 - Статистика және қаржы					
№	Пән атауы	Кредит саны	Пререквизиттер	Пост-реквизиттер	Оқыту мақсатын, қысқаша мазмұныны және оқытудың күтілетін нәтижелерін (білім, іскерлік, дағдылар, хабардарлық) көрсетумен қысқаша сипаттамасы
1	Статистика	5	-	Экономикалық талдау	Мазмұны: статистиканың негізгі түсініктері мен категориялары статистикалық зерттеу жүргізу процесі мен кезеңдері, динамика қатарлары, индекстер, іріктемелі байқау, сонымен қатар ағымдағы әлеуметтік және экономикалық жағдайды талдау үшін қолданылатын статистикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: таңдамалы бақылаулар, қоғамдық құбылыстардың динамикасын зерттеудің статистикалық әдістері, статистиканың пәні мен әдісі, статистикалық бақылау, статистикалық қорытындылау және топтастыру, абсолютті және салыстырмалы шамаларды, орташа мәндер мен вариация көрсеткіштерін, таңдамалы бақылауды, динамика қатарын; индекстер, қоғамдық құбылыстардың өзара байланысын статистикалық зерттеу, халық пен еңбек ресурстарының статистикасы, ұлттық есеп жүйесі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер, халықтың өмір сүру деңгейінің статистикасы. Меңгеруі керек: статистикалық зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау; статистикалық зерттеулердің бағдарламаларын жасау, экономикалық ақпаратты жүйелеу және жалпылау, қазақстандық және әлемдік экономиканың құрылымы мен даму тенденцияларын талдау, экономикалық процестерді болжау; ақпаратты жинау және тіркеу, бақылау материалдарын алғашқы өңдеу мен бақылауды жүзеге асыру, статистикалық көрсеткіштердің есептеулерін орындау және негізгі қорытындыларды тұжырымдау, зерттелетін әлеуметтік-экономикалық құбылыстарға кешенді талдау жүргізу, тәжірибеде алған білімдері мен дағдыларын қолдану. Дағдылар: жалпы және арнайы экономикалық пәндерді одан әрі дамытуда статистикалық ақпаратты пайдалану; әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстардың дамуы туралы сандық және сапалық ақпаратты өңдеу мен талдаудың статистикалық әдістерін қолдану. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық

1	Әлеуметтік-экономикалық статистика	5	-	Экономикалық талдау	Мазмұны: әлеуметтік-экономикалық статистика көр-сеткіштерінің негіздері мен жүйесі, халық және еңбек ресурстары статистикасы, ұлттық байлық, шығындар және аралық тұтыну, тауар және ақша айналысы статистикасы, баға статистикасы, өндіріс тиімділігі статистикасы, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер, әлеуметтік-экономикалық құбылыстар серпінін статистикалық зерделеу. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: экономикалық, әлеуметтік, саяси ортаның жағдайын бағалау концепцияларының әдіснамалық негіздерін; әлеуметтік-экономикалық статистиканың әртүрлі салаларының көрсеткіштер жүйесін статистикалық нақтылау принциптерін, оларды өлшеу немесе есептеу әдістерін; статистикалық көрсеткіштерді жалпылау жүйесінің құрылыс әдістемесі мен ақпараттық мүмкіндіктері Меңгеруі керек: сандық және сапалық статистикалық ақпаратты жүйелеу және қорытындылау; нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайды статистикалық зерттеу жоспарын құру, оны сипаттайтын бастапқы көрсеткіштер шеңберін қалыптастыру, тиісті әдістерді пайдалана отырып, мақсатты мәліметтерді жинау және статистикалық талдау жүргізу; зерттеулер нәтижелері бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу, басқару шешімдерін қабылдау үшін анықтамалық және аналитикалық материалдар дайындау Дағдылар: нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайға статистикалық зерттеу жүргізу, басқару шешімдерінің ұсынылған нұсқаларын бағалау және әлеуметтік-экономикалық тиімділік критерийлерін ескере отырып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық
Модуль 11 - Басқару және маркетинг					
2	Менеджмент	6	-	Еңбек экономикасы, Персоналды басқару. Институционалдық экономика, Операциялық менеджмент.	Мазмұны: менеджмент курсының міндеттері мен мазмұны, менеджменттің мәні мен принциптері, ұйым-ның түсініктері мен түрлері, менеджментті ақпараттық қамтамасыз ету, менеджменттегі коммуникация, менеджменттегі басқарушылық шешімдер, басқару әдістері, менеджменттегі жоспарлау. ұйым басқару функциясы ретінде, менеджменттегі мотивация, менеджмент жүйесіндегі бақылау, басшылық: билік, ықпал серіктестік, көшбасшылық: көшбасшылық стилі және менеджер имиджі, жанжалдарды, күйзелістер мен өзгерістерді басқару, басқару мәдениеті, менеджердің іскерлік этикасы. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын құру және басқару әдістерін; кәсіби қызметте менеджменттің әдіс-тәсілдерін, құралдары мен тәсілдерін қолдану. Меңгеруі керек: басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын талдау; бөлімшенің жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру; ұйымды басқарудағы негізгі тәсілдердің тиімділігін бағалау.

					Дағдылар: Кәсіпорын мен персоналды басқарудың әдістері мен тәсілдерін қолдану, әлемдік тәжірибені пайдалану негізінде кәсіпорында тиімді менеджментті енгізудің нақты дағдыларын тұжырымдау. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық
2	Стратегиялық менеджмент	6	-	Еңбек экономикасы, Персоналды басқару. Институционалдық экономика, Операциялық менеджмент.	Мазмұны: қазіргі жағдайдағы стратегиялық басқару ерекшеліктері; басқарушылық дамудың жалпы заңдылықтары; ұйымды стратегиялық басқару әдіснамасы; ұйым қызметін жоспарлау әдіснамасы және мақсаттарға қол жеткізу құралдары; стратегиялық басқару қағидаттары; стратегиялық басқару процесін ұйымдастыру сатылары; сыртқы және ішкі ортаны талдаудың негізгі құралдары; фирманың бәсекелестік мінез-құлық стратегиясы, даму стратегиясы; стратегияларды жүзеге асыру тәсілдері. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: стратегиялық менеджменттің заманауи концепцияларын; стратегиялық менеджменттің әдіснамалық негіздерін; стратегиялық шешімдерді қабылдауды қолдаудың заманауи аналитикалық құралдарын. Меңгеруі керек: еңбек нарығындағы жағдайды және маркетингтік зерттеулердің өзге де деректерін талдау, стратегиялық міндеттерге барабар басқару әдістерін таңдау; қолжетімді ресурстар мен ақпаратты тиімді пайдалануды сәйкестендіру және ұйымдастыру; жүйенің сыртқы және ішкі ортасын талдауды жүзеге асыру; командада жұмыс істеу және стратегиялық жобада командалық жұмысты ұйымдастыру. Дағдылар: стратегиялық өзгерістерді дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыру кезеңдерін анықтау; стратегиялық талдауға қажетті ақпаратты жинау, іріктеу, жалпылау және түрлендіру; ұйымның әлсіз және күшті жақтарын, зерттелетін жүйені дамытудағы мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтау; стратегиялық ұсыныстарды әзірлеу үшін жүйені дамытудың анықталған әлеуеттерін, тәуелділіктерін және тәуекелдерін қолдану Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық
Модуль 11 - Басқару және маркетинг					
3	Маркетинг	4	Экономикалық теория	Сапаны басқару Инновациялық әлеуетті бағалау	Мазмұны: маркетингтің әлеуметтік-экономикалық негізі, маркетингтік зерттеулер, маркетингтік орта, нарықты сегментациялау және бәсекелестерді талдау, тауар нарығын зерттеу, тауар саясаты және баға белгілеу, маркетингтік коммуникациялар. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: маркетинг кешенінің негізгі құралдары; маркетингтік орта және оны талдау; маркетингтік қызметтер қызметін ұйымдастыру тәсілдері; маркетинг саласындағы процестерді ұйымдастыру, басқару және жобалау; жарнама, материалдық-техникалық жабдықтау және өткізу ерекшелігі. Меңгеруі керек: маркетингті ұйымдастыру және фирмалардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету тетігі мен қағидаттарын меңгеру; кәсіпорында

					маркетингтік жоспарлау мен бақылаудың тиімділігін анықтау; маркетингтік зерттеулер деректерін таңдау, өңдеу және талдау; кәсіби және бұқаралық аудитория алдында зерттеу және талдау жұмысының нәтижелерін ұсыну; маркетингтік шешімдердің экономикалық тиімділігін бағалау. Дағдылар: маркетингті ұйымдастыру және фирмалардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, маркетингтік қызметті жүзеге асырудың инновациялық әдістерін, құралдары мен технологияларын әзірлеу механизмі мен принциптерін иелену; ұйымның стратегиясын әзірлеу үшін маркетингтік әрекеттерді талдау және бағалау. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық
3	Салалар мен фирмалардың бәсекелестік қабілеті	4	Экономикалық теория	Сапаны басқару Инновациялық әлеуетті бағалау	Мазмұны: салалар мен фирмалардың бәсекеге қабілеттілігі ел, сала, аймақ және кәсіпорын деңгейінде бәсекеге қабілеттілікті реттеу мен басқарудың жүйелі ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін іске асыру негізінде кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру проблемаларын қоюға және практикалық шешуге ғылыми көзқарасты қалыптастыруды зерттейді. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің факторлары мен принциптерін; қызметтер мен тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін; кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің механизмін; компанияның негізгі бәсекелестерінің стратегиялық мақсаттарын. Меңгеруі керек: фирмалардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету тетігі мен қағидаттарын меңгеру, алынған білімді бәсекелестік орта жағдайында қолдану; кәсіпорын персоналының, кәсіпорын өнімінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін, саладағы кәсіпорынның жай-күйін анықтау; Дағдылар: жоғары дербестік дәрежесімен білім беруді жетілдіру мәселелеріне қажетті практикалық шешімдерді көрсету, маркетингті ұйымдастыру және фирмалардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету механизмі мен принциптерін меңгеру. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық
Модуль 10 - Статистика және қаржы					
4	Қаржы	5	Экономикалық теория	Жоспарлау және бюджеттеу жүйесі Ішкі өндірістік жоспарлау және бюджеттеу	Мазмұны: қаржының теориялық негіздері, қаржының құқықтық негіздері, қоғамдық өндіріс жүйесінде қаржыны пайдалану, ҚР қаржы жүйесін ұйымдастыру, қаржы саясаты және қаржы механизмінің құрылымы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы, жаһандық экономика жағдайында қаржы нарығы қызметінің қағидаты, мемлекеттік қаржы, экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу, сыртқы экономикалық байланыстар жүйесіндегі қаржы. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: қаржыны ұйымдастырудың ұғымдары мен принциптерін, қаржылық жағдайды талдау әдістемесін, дамыған нарықтық қатынастар

					жағдайындағы қаржының рөлін, макро және микродеңгейдегі ақша қаражаттарының қалыптасу және пайдалану процесін меңгеру. Меңгеруі керек: кәсіпорынның қаржылық жағдайын және қаржы нарығындағы жағдайды талдау, қаржының негізгі терминдері мен түсініктерін меңгеру; теориялық білімдерін практикада қолдануды үйрену; мемлекеттің қаржы-несие қызметінің негізгі мәселелеріне иелік етеді. Дағдылар: мемлекеттік қаржы, кіріс, шығыс, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы, мемлекеттік бюджет, қаржылық бақылау және т.б. салаларында білімдерін қолдану. экономика мен қаржыда нарықтық механизмдерді қолдану бойынша қазіргі экономикалық тәжірибені белсенді пайдалануға бейімделу. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық
4	Әлемдік қаржы нарығы	5	Экономикалық теория	Жоспарлау және бюджеттеу жүйесі Ішкі өндірістік жоспарлау және бюджеттеу	Мазмұны: қаржы нарықтарының экономикадағы рөлі мен функциялары, қаржы нарықтарының модельдері, ХҚҚ-ның әртүрлі сегменттері арасындағы қатынастар, Еуропаның қаржы нарығының проблемалары, халықаралық ақша нарықтары, валюталардың айырбасталуы және валюта бағамы, валюталық туынды құралдар нарығы. халықаралық капитал нарықтары. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: әлемдік қаржы нарықтарының дамуының жалпы заңдылықтарын, қаржы , бағалы қағаздар нарығы ұғымдары мен қағидаттарын, инвестициялар мен инвестициялық қызмет түрлерін жіктеу; фирмалардың қаржылық есептілігі бағдарламасының құрылымын ажырату құрылымын, ұйымдастыру принциптерін, әлемдік қаржы нарықтарын реттеу саласындағы заңнаманың негізгі ережелерін. Меңгеруі керек: экономикалық мәселелерді шешу үшін әртүрлі ақпарат көздерін талдау және пайдалану; халықаралық қаржылық қатынастар саласындағы іс-шараларды бағалау үшін аналитикалық материалдар дайындау. Дағдылар: әлемдік қаржы нарығының жекелеген секторларының экономикалық конъюнктурасын зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын пайдалану; әлемдік қаржы нарықтарында болып жатқан экономикалық процестерді талдау. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық
Модуль 14 - Салықтық-қаржылық саясат					
5	Компанияның инвестициялық қызметі	5	Экономикалық теория	Ұлттық экономика, Стратегиялық жоспарлау	Мазмұны: инвестициялық қызметті басқарудың мәнін оның негізгі формаларында ашатын негізгі анықтамалар инвестициялық қызметтің жекелеген түрлерінің мазмұнын ашады. Курста инвестицияларды басқару мәселелеріне, оларды енгізудің тиімділігін және туындайтын тәуекелдерді бағалауға, сондай-ақ ел экономикасындағы инвестициялық процестерді мемлекеттік реттеу нысандарына ерекше назар аударылады. Күтілетін нәтижелер:

					Білуі керек: инвестициялар мен инвестициялық қызмет түрлерін жіктеуді; нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы жағдайындағы инвестициялық қызметтің түрлері мен ұйымдастырылуы, факторлар мен ұйымдастыру; инвестициялық және қаржы нарықтары, институттар мен құралдар; инвестициялық саясат және инвестицияларды және барлық инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу тәсілдері; ҚР және шет елдердегі шетелдік инвестициялардың жұмыс істеу тәртібі мен режимі. Меңгеруі керек: фирманың қаржылық жағдайын және қаржы нарығындағы жағдайды талдау, инвестициялық жобалардың өміршеңдігін анықтау, оларды бағалау, сыни нүктелерді табу және сезімталдыққа талдау жүргізу; қаржылық инфрақұрылымды инвестициялық қызмет көзі ретінде талдау; инвестициялық жобалар бойынша кейстерді есептеу және оларды көпшілік алдында қорғау. Дағдылар: мезо - және макро деңгейлердегі инвестициялық процестерді сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың қазіргі заманғы әдістемесін өзіндік жұмыс, тапсырмаларды орындауда қолдана білу. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық
5	Инвестицияларды қаржыландыру және несиелендіру	5	Экономикалық теория	Ұлттық экономика, Стратегиялық жоспарлау	Мазмұны: бұл пән экономикалық мазмұнды, инвестициялардың түрлерін, нысандарын, инвестициялық қызметті заңнамалық қамтамасыз етуді, инвестициялық тетікті, инвестициялық саясатты, инвестицияларды қаржыландыру және кредиттеу көздерін, инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді, инвестициялық жобаларды кредиттеу ерекшелігін, инвестициялық жобалау кезеңдерін, инвестициялық жобаларды сараптау тәртібі мен бағалау әдістерін, инвестициялық жобаның ТЭН-ін жасауды, банктердің кәсіпорындардың жобаларын кредиттеуін және оның тәуекелдерін зерделейді. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: инвестициялаудың мәнін және маңызын; инвестициялық нарықтың инфрақұрылымын және оның жұмыс істеу механизмін; инвестицияның теориялық және әдістемелік негіздерін; инвестордың және инвестициялық нарыққа қатысушының функцияларын, қаржы делдалдарының инвестициялаудағы рөлін; шетел инвестицияларының мәні және олардың капиталды алушы елге қажеттілігін; инвестициялық нарықтың қызмет ету механизмі және инвестицияға байланысты тәуекелдерді; компанияның инвестициялық стратегиясын қалыптастыру кезеңдерін; инвестициялық жоба түсінігін және оның өмірлік циклін; инвестициялық процесс мониторингінің мәнін. Меңгеруі керек: мемлекеттің және аймақтың инвестициялық ахуалының тартымдылығын бағалауды; инвестордың капиталды қаржылық және нақты активтерге салуының орындылығын анықтауды; әртүрлі бағыттағы инвестицияларды пайдалану мүмкіндіктерін бағалауды.

					Дағдылар: инвестициялық жобаның қаржылық моделін, инвестициялық жобаны іске асырудың экономикалық тиімділігін бағалау құралдарын әзірлеу; әртүрлі жобаларға инвестицияларды әзірлеу және негіздеу әдістері мен құралдарын пайдалану Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық
Модуль 12 - Кәсіпорынның экономикалық қызмет					
6	Еңбек экономии-касы	4	Менеджмент Стратегиялық менеджмент	Шығындарды басқару Контроллинг Өндірістік тәжірибе II	Мазмұны: еңбек нарығы саласындағы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың қазіргі заманғы теориялары, еңбек нарықтарының сипаттамалары, ұжымдық шарт жасасу туралы кәсіпкерлер арасындағы келіссөздер процестері, еңбек нарығының әртүрлі нарықтармен байланысы, Қазақстандағы еңбек нарығының жай-күйі, еңбек нарығын реттеу тетігі. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: еңбек нарығына қатысушыларды, нарықтың қызмет етуінің негізгі мәселелерін және әлеуметтік-еңбек қатынастарын мемлекеттік реттеу мәселелерін жүйелі түрде түсіну, қазіргі еңбек нарығы экономикасы зерттейтін мәселелер мен практикалық мәселелер ауқымын білу, сонымен қатар ерекшеліктерін бағдарлау; және Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының қалыптасу және даму заңдылықтары; Меңгеруі керек: ұйымдық құрылымдарды, бәсекелестік ортаны, еңбек нарығындағы жағдайды талдау, еңбек нарығы теориясында алынған құндылықтарды практикада қолдану, еңбек нарығындағы жағдайды талдау және сыни негіздеу, практикалық дағдыларды меңгеру. еңбек нарығы субъектілерінің қызметіне қатысты ақпаратты ұсыну және түсіндіру Дағдылар: кәсіпорын мен персоналды басқарудың әдістері мен әдістерін қолдану, еңбек нарығында болып жатқан процестерді сипаттайтын ақпаратты дербес жинау, талдау және ұсыну. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастыру-басқару
6	Персоналды басқару	4	Менеджмент Стратегиялық менеджмент	Шығындарды басқару Контроллинг Өндірістік тәжірибе II	Мазмұны: өндірісті басқару, өндіріс экономикасы, Еңбек экономикасы, еңбек әлеуметтануы сияқты ғылымдардың тоғысында қалыптасатын персоналды басқару туралы ғылым. Курс экономика мен еңбек нарығының негізгі ұғымдарын ұсынуды, еңбекті басқарудың өзекті мәселелерін, сондай-ақ біздің елімізде және шетелде еңбек ресурстарын пайдалану тәжірибесін қамтиды. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: персоналды басқарудың теориясы мен тәжірибесін, әдістері мен әдістерін, персоналды басқару процесі кезеңдерінің құрамы мен мазмұнын, жоспарлау, іріктеу және кадрларды іріктеу жүйесін, қызметкерлерді әлеуметтік бейімдеу бойынша жұмыстың мазмұнын, қызметкерлердің еңбекақысы мен уәждемесін ұйымдастыру, персоналды бағалау әдістері, персоналды дамытуды басқару тетіктері және персоналды басқарудағы шетелдік тәжірибе;

					Меңгеруі керек: кәсіпорын мен персоналды басқару әдістері мен әдістерін қолдану, кәсіпорынның мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау; Дағдылар : ұйымдық құрылымдарды, бәсекелестік ортаны, еңбек нарығындағы жағдайды талдау, персоналды басқаруды жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау, сондай-ақ персоналды басқарудың негізгі ережелерін бар проблемалар мен ұйымды одан әрі дамыту бағыттарына қолдану. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастыру-басқару
Модуль 15 - Ұйымдастыру және логистика					
7	Логистика	5	Кәсіпорын экономикасы	Бизнес және активтер құнын бағалау Бизнесті бағалау	Мазмұны: материалдық, ақпараттық және қаржылық ағындардың көзден тұтынушыға дейінгі қозғалысын ұйымдастырумен, басқарумен және оңтайландырумен байланысты қызметті дамыту және т. б. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: негізгі ұғымдарды, түсініктерді, қызмет ету механизмдерін және логистиканың түрлерін; материалдық ағындардың логистикасын ұйымдастыру жолдары мен әдістерін сипаттау; Меңгеруі керек: материалдық және ақпараттық ресурстарды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің негізгі әдістері мен түрлерін ажырата білу, уақыт пен кеңістікте ең аз шығынмен материалдық ағындарды ұйымдастыру, өндіріс орындарын құру немесе қайта ұйымдастыру бойынша ұйымдастырушылық-жоспарлау есептерін жүргізу, кәсіпорындардың жұмысын жоспарлау; персонал, сондай-ақ жабдықтар мен қосалқы бөлшектерге өтінімдер ресімдеу. Дағдылар: басқару шешімдерін таңдауды, логистикалық процестерді жобалау және ұйымдастыру әдістерін негіздеу және түсіндіру. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушы
7	Ақпараттық ағымдар логистикасы	5	Кәсіпорын экономикасы	Бизнес және активтер құнын бағалау Бизнесті бағалау	Мазмұны: логистиканың тұжырымдамалық негіздері, қазіргі логистиканың мәні, функциялары мен принциптері, ақпараттық логистиканың әдіснамалық аппараты, логистикадағы ақпараттың рөлі мен маңызы, логистикалық ақпараттық жүйе, логистикалық жүйелердегі ақпараттық ағындар, логистикалық ақпараттық ағындарды талдау және жобалау, логистикалық бизнес-процестерді жоспарлау, логистикадағы ақпараттық технологиялар. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: ақпараттық ағындарды логистикалық ұйымдастырудың негізгі әдістерін, логистикалық ақпараттық жүйенің сипаттамаларын, логистикалық жүйелердегі ақпарат ағындарын, логистикалық ақпарат ағындарын талдау және жобалау әдістемесін, логистикалық бизнес-процестерді жоспарлауды; Меңгеруі керек: материалдық және ақпараттық ресурстарды логистиканың негізгі әдістері мен түрлерін ажырата білу, өндірісті ұйымдастырудағы логистикалық тәсілдің пайда

					болған әсерін қарау.
--	--	--	--	--	----------------------

					Дағдылар: өндірістік процестерді, материалдық және ақпараттық-қаржылық ағындарды уақыт пен кеңістікте ұйымдастыру, үйлесімді ұйымдастырылған, оңай басқарылатын, тиімділігі жоғары кәсіпорын үлгілерін құру мақсатында ақпараттық ағындардың логистикасын ұйымдастыру. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық
Модуль 14 - Салықтық-қаржылық саясат					
8	Салық және салық салу	5	Экономикалық теория	Жоспарлау және бюджеттеу жүйесі Ішкі өндірістік жоспарлау және бюджеттеу	Мазмұны: салықтардың экономикалық мәні мен табиғаты, Қазақстан Республикасының салық жүйесі: қалыптасу кезеңдері, қазіргі жай-күйінің сипаттамасы, салық саясаты және оның мемлекеттің экономикалық саясатын іске асырудағы рөлі, салық тетігі, көлік құралдарына салынатын салық, жер салығы, мүлік салығы, қосылған құн салығы, акциздер, корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы, шетелдік заңды және жеке тұлғалардың кірістеріне салық салу ерекшеліктері, әлеуметтік салық, әлеуметтік салық, шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі, экспортқа рента салығы, жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу, ойын бизнесіне салық салу, алымдар, баждар мен төлемдер. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: салық және салық салу саласындағы ұғымдарды, салық жүйесін құру принциптері мен элементтерін, Қазақстан Республикасы салық жүйесінің негіздерін, салық алудың теориялық және әдіснамалық принциптерін, оларды есептеу әдістемесін, салық және алымдарды есептеу бойынша салық есебі мен салық есептілігінің нысандарын және оларды толтыра білу. Меңгеруі керек: салық салуға байланысты нормалармен жұмыс істеуді; салық есептілігінің нысандарын толтыра білуді; салықтардың негізгі түрлерін ажырату, салық салу саласында заңгерлік кеңес беруді, салық саласындағы нормативтік құжаттарды пайдалануды, ұйымдар мен жеке тұлғалар төлейтін салықтар мен төлемдерді есептеуді, салықтар мен төлемдерді бюджетке аудару үшін төлем құжаттарын жасауды. Дағдылар: салық базасын анықтау үшін кәсіпорын қызметінің негізгі көрсеткіштерін есептеу, фирма жұмысының негізгі көрсеткіштерін және түрлері бойынша салықтарды есептеу; салық салу саласында заң кеңестерін беру. мемлекет бюджетіне алынатын салықтар мен алымдарды есептеу, заңды және жеке тұлғаларға салық салуды қамтамасыз ету бойынша қолда бар ақпараттық базаларды пайдалану. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық
8	ҚР салық құқық	5	Экономикалық теория	Жоспарлау және бюджеттеу жүйесі	Мазмұны: салықтардың түсініктері, белгілері, элементтері мен түрлері, құқықтық білім беру, салықтық-құқықтық нормалар, салықтық құқықтық қатынастар, салық салу және мемлекеттің салықтық қызметі, мемлекеттің

				Ішкі өндірі-	салықтық құрылымының құқықтық негіздері, салықтық міндеттемелердің құқықтық негіздері,
--	--	--	--	-----------------	---

				стік жоспарлау және бюджеттеу	салықтық бақылаудың құқықтық негіздері, ҚР салықтарды құқықтық реттеу, салықтық әкімшілендіру. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: салық құқығының, салық-құқықтық нормалардың және салықтық құқықтық қатынастардың негізгі ұғымдары туралы білуге; қолданыстағы салық салу жүйесінің сипаттамасын, салықтар мен мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер арасындағы айырмашылық пен арақатынасты және оларға тән белгілерді білуге; салық салу мен салық қызметіне, сондай-ақ мемлекеттің салық жүйесін құру проблемаларына қатысты нормативтік материалдарды игеруге. Істей алу керек: салық құқығының құқықтық ұғымдары мен нормаларын іске асыру; салықтардың негізгі түрлерін, заңды құжаттарды құрастыру және рәсімдеу, білікті заңгерлік кеңестер беру, салықтық құқықтық қатынастар субъектілерінің заңды құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын, олардың өзара әрекеттесу механизмін түсіну. Дағдылар: салық базасын анықтау, фирма жұмысының негізгі көрсеткіштерін және түрлері бойынша салықтарды есептеу; салық салу саласында заң кеңестерін беру. жүйелік, құрылымдық және логикалық талдау, құқықтық құжаттарды жасау, терминологияны дұрыс пайдалану. Құзыреттері: экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық
Модуль 14 - Салықтық-қаржылық саясат					
9	1С бухгалтерия	5	Бухгалтерлік есеп және аудит	Big Date және бизнес талдама Бұлтты есептеу қызметтері Бизнес және активтер құнын бағалау Бизнесті бағалау	Мазмұны: кәсіпорынның қызметін автоматтандыру жүйесі бухгалтерлік есепті және бухгалтерлік операцияларды жүргізуге арналған; тауарлық және материалдық құралдарды есепке алу, контрагенттермен өзара есеп айырысу, жалақыны есептеу, негізгі құралдардың амортизациясын есептеу, субъектінің қаржылық және шаруашылық қызметі туралы сапалы және уақтылы ақпаратты қалыптастыру үшін кез келген бөлімдер бойынша бухгалтерлік есепке алу. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: 1С Бухгалтерлік есеп және фирмалардың қаржылық есептілігі бағдарламасының құрылымын, әртүрлі меншік нысанындағы әртүрлі ұйымдарда бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті ұйымдастыру бойынша заңнамалық және әдістемелік материалдарды, бухгалтерлік есептің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын, бухгалтерлік есеп шоттарының жүйесін, бухгалтерлік есепті автоматтандыру негіздері. Меңгеруі керек: ақпараттық қорды толтыру және өңдеу; бухгалтерлік есептің әртүрлі бағыттары бойынша құжаттарды толтыру және операцияларды орындау; бухгалтерлік есептерді құрастыру және оқу; бұрын енгізілген ақпаратты іздеу; жіберілген қателерді өңдеу және т.б. Дағдылар: бухгалтерлік есеп ережелері мен әдістерін, оның ішінде 1С бухгалтерлік есеп

					бағдарламасында жан-жақты қолдану, ақпараттық
--	--	--	--	--	---

					базада жаңа жазбаларды құрудың практикалық дағдыларын меңгеру; инфобазаға бұрын енгізілген жазбаларды өңдеу; инфобазадан қажет емес нысандарды жою; әртүрлі тәсілдермен бухгалтерлік есеп жүргізу және т.б. Құзыреттері: кәсіби
9	Компанияның қаржылық есептілігі	5	Бухгалтерлік есеп және аудит	Big Date және бизнес талдама Бұлтты есептеу қызметтері Бизнес және активтер құнын бағалау Бизнесі бағалау	Мазмұны: ҚР-дағы қаржылық есептілікті жасау қағидаттары, ҚР-дағы қаржылық есептілікті норма-тивтік реттеу және қалыптастыру негізі, қаржылық есептілік элементтері, бухгалтерлік баланс баптарының мазмұны, кірістер мен шығындар туралы есептің мазмұны мен құрылымы, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті жасау тәртібі, капиталдағы өзгерістер туралы есепті қалыптастыру, құрамы, түсіндірме жазбаны және есепке алу саясатын ашу, шоғырландырылған есептілікті жасау процесінің дәйектілігі, компанияның қаржылық коэффициенттер жүйесі. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының қаржылық есеп беруінің құрамы мен мазмұнын; қаржылық есеп беру құрылымы; тапсырмаға сәйкес экономикалық мәліметтерді өңдеу құралдары. Меңгеруі керек: кәсіпорынның қаржылық жағдайын және қаржы нарығындағы жағдайды талдауды, қаржылық есеп беруді құруды, қорытындыларды әзірлеу арқылы қаржылық коэффициенттерді есептеуді; компаниялар тобының қаржылық есептілігін ұсыну және түсіндіру саласындағы мәселелерді шешу үшін ақпарат көздерін талдау және пайдалану мүмкіндігі бар. Дағдылар: шаруашылық операцияларды құжаттау, компания басшылығы мен мүдделі тараптар үшін стратегиялық шешімдер қабылдау үшін қажетті компаниялар тобының қаржылық есеп беруі бойынша аналитикалық және ақпараттық материалдарды дайындау. Құзыреттері: кәсіби
Модуль 13 - Нарық жағдайындағы жоспарлау					
10	Экономиканы мемлекеттік реттеу	5	Экономикалық теория Макроэкономика	Әлемдік экономика және ХЭҚ Халықаралық экономика	Мазмұны: экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық аспектісі және оның объектісі, ЭМР әдіснамасы ұғымы және оның негізгі элементтері, экономиканы реттеудің ұйымдастырушылық негіздері және оның шетелдік тәжірибесі, өтпелі экономиканың жалпы сипаттамасы және оның заңдылықтары, экономикалық өсу: оны қамтамасыз етудің негізгі факторлары мен мемлекеттік шаралары, әлеуметтік-экономикалық болжау және жоспарлау экономиканы реттеу жөніндегі мемлекет қызметінің бастапқы кезеңі, ғылыми-техникалық прогрестің бағыттары және оны жеделдетудегі мемлекеттің рөлі, халықты ұтымды пайдалануды және әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеу, мемлекеттің инвестициялық саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру тетіктері, жер ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесі, экономиканы реттеудің қаржы-бюджеттік әдістері, мемлекеттің ақша - кредит саясатын жүзеге асырудың негізгі тетіктері.

					Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: қазіргі экономиканың макродеңгейдегі қызмет ету заңдылықтарын, ел экономикасының негізгі белгілерін. экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері мен құралдары, олардың салалар мен кәсіпорындар қызметіне әсер ету ерекшеліктері. Меңгеруі керек: ел экономикасының даму ерекшеліктерін анықтау; макродеңгейдегі экономикалық құбылыстарды, процестер мен институттарды өзара байланыста талдау; экономикалық сипаттағы проблемаларды анықтау, әлеуметтік-экономикалық тиімділік критерийлері мен ықтимал салдарларды ескере отырып, оларды шешу жолдарын ұсыну. Дағдылар: мемлекеттік реттеудің негізгі әдістерінің тиімділігін бағалау; макродеңгейдегі экономикалық процестерді сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың қазіргі заманғы әдістері Құзыреттер: кәсіби
10	Мемлекеттік жекеменшік әріптестік	5	Экономикалық теория Макроэкономика	Әлемдік экономика және ХЭҚ Халықаралық экономика	Мазмұны: ұғымын, мемлекеттік-жекеменшік әріпте-стіктің (МЖӘ) нысандарын, түрлері мен модельдерін, МЖӘ объектілері мен субъектілерін, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы келісімдердің табиғаты мен мазмұнын, оларды жасасу, орындау, өзгерту және тоқтату ерекшеліктерін қоса алғанда, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік институтының мазмұны. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: қазіргі кезеңдегі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің мақсаттары мен міндеттері, МЖӘ саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіру бағыттары. Меңгеруі керек: ел экономикасының даму ерекшеліктерін және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мазмұнын анықтау, тиісті саладағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларын, оның ішінде нормалар арасында проблемалар мен қайшылықтар туындаған жағдайда қолдану; қабылданған шешімдерді даулауға, оның ішінде ықтимал салдарларды ескере отырып, өзі қабылдаған шешімдердің салдарын болжауға; құқықтық актілерді олардың өзара әрекеттесуінде сауатты түсіндіру. Дағдылар: МЖӘ үлгілерін бағалау; МЖӘ саласындағы міндеттемелерді реттейтін азаматтық құқық нормаларын түсіндірудің негізгі әдістеріне ие болу. Құзыреттер: кәсіби
Модуль 16 - Экономикадағы IT технологиялар					
11	Big Date және бизнес талдама	4	1С бухгалтерия Компанияның қаржылық есептілігі	Бизнес және активтер құнын бағалау Бизнесті бағалау	Мазмұны: бизнес-аналитиканың теориялық және әдіснамалық негіздері, экономикалық қызмет нәтижесінің көрсеткіштері, сапаның статистикалық сипаттамасы, тиімділік көрсеткіштерін, қызметтің қаржылық нәтижелерін статистикалық талдау, ақпа-ратты статистикалық өңдеу бағдарламалары, әлеумет-тік-саяси процестерді талдау мақсаттары үшін SPSS Statistics пакетінің мүмкіндіктерін ұсыну және т. б. Күтілетін нәтижелер:

					Білуі керек: программалық жүйелерді әзірлеуге қажетті алгоритмдер, модельдер мен әдістер, деректерді тиімді талдау және деректерден білімді алу, деректерді алдын ала өңдеу және визуализациялаудың негізгі әдістері, деректерді өндіру технологиялары, Big Data бағытының Data Mining ерекшеліктерінің әдістері мен үлгілері, оның негізгі айырмашылықтары бизнес-аналитика бағытынан үлкен деректерді өңдеу және талдау мәселелерін шешу әдістері. Меңгеруі керек: ақпараттық технологияларды және инновациялық тәсілді пайдалану мүмкіндіктерін сипаттау, деректерді талдау және бұлттық сервистер үшін бағдарламалық құралдардың әдісін таңдау; ақпараттық технологиялар мен инновациялық тәсілді қолдану мүмкіндіктерін сипаттау; әлеуметтік-экономикалық және басқа да статистикалық ақпаратты жинаудың әдістемесі мен әдістеріне ие болу, терең кәсіби білімді талап ететін өндірістік қызмет барысында туындайтын мәселелерді тұжырымдау және шешу; проблемаларды талдау үшін қажетті тәсілдер мен әдістерді таңдау, сондай-ақ белгілі бір жағдайдың міндеттеріне байланысты барларын өзгерту және жаңаларын әзірлеу; деректерді талдау бағдарламалық құралдарын талдау және жобалау. Дағдылар: деректерді талдаудың бағдарламалық құралдарын және бұлтты сервистерді таңдау; Ақпараттық технологиялар мен инновациялық тәсілді қолдану мүмкіндіктерін сипаттау; Ақпараттық, бұлтты технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеудің, басқарудың және сақтаудың сандық және сапалық әдістерін жұмыста біріктіру; зерттеу үшін бастапқы ақпаратты жинау үшін сандық және сапалық әдістер мен тәсілдерді қолдану, сондай-ақ мәселелердің тиімді шешімдерін әзірлеу Құзыреттер: кәсіби
11	Бұлтты есептеу қызметтері	4	1С бухгалтерия Компанияның қаржылық есептілігі	Бизнес және активтер құнын бағалау Бизнесі бағалау	Мазмұны: бұлтты технологияларға кіріспе, бұлтты қызметтердің желілік модельдері, бұлтты архитектура-ларды жобалаудың ерекшеліктері мен негізгі аспектілері, деректердің мульти-тенантты қоймасын ұйымдастыру модельдері, жеке мәліметтер базасы, ең танымал бұлтты қызметтерге шолу, бұлтты сақтау жүйелерімен жұмыс істеу негіздері және т. б. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: бұлттық қызметтердің желілік үлгілері және бұлттық архитектуралардың дизайн ерекшеліктері, бұлттық технологиялардың негізгі ұғымдары мен терминологиясы; бұлтты технологиялардың қолдану аясы; кәсіпкерлік қызметке қатысты бұлтты есептеулер тұжырымдамасы; бұлтты есептеулердің негізгі принциптерін, әртүрлі платформаларды пайдалана отырып, бұлттық жүйелерге арналған қосымшаларды әзірлеу принциптері мен әдістерін білу; бұлтты есептеулер инфрақұрылымы. Меңгеруі керек: деректерді талдау және бұлттық қызметтер үшін бағдарламалық құралдарды таңдау, ақпараттық технологияларды және инновациялық тәсілді пайдалану мүмкіндіктерін

					сипаттау; деректерді басқару және сақтау, көп жалға алушы, арнайы, теңшелетін, көп жалға алушы архитектурасына көшу кезеңдерін анықтау, бұлтты бағдарламалауды пайдалану әдістемелер, қолдану тиімділігін бағалау, ұзақ мерзімді перспективалар, бұлтты есептеулердің эконо- микасын оқу. Дағдылар: бағдарламалық қамтамасыз ету және бұлттық архитектура үшін алгоритмдерді, модельдерді және әдістерді жобалау, көп жалға алушы деректер қоймасын ұйымдастыру модельдерін жасау, бұлттық жүйелер үшін бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу, бұлттарда орналастырылған қолданбаларды әзірлеу және қолдау үшін жүйелік басқару. Құзыреттер: кәсіби
Модуль 18 – Бизнесі бағалау					
12	Шығындарды басқару	4	Еңбек экономикасы Персоналды басқару	Сапаны басқару Инновациялық әлеуетті бағалау Өндірістік тәжірибе III	Мазмұны: кәсіпорын жұмысының қаржылық нәтижесін қалыптастыруға шығындардың әсері; шығындарды есепке алу және талдау тәсілдері мен әдістері; шығындарды талдау негізінде басқарушылық шешімдерді қабылдауды айқындаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру. Зерттеу нәтижелерін жүйелеу, кәсіпорынның шығындарын басқаруды қамтамасыз ету мақсатында талдау жүргізу. Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: нарықтық экономика жағдайында кәсіпорын шығындарын тиімді басқарудың мәні, мәні, мақсаттары мен міндеттері, тәсілдері мен әдістері, принциптері. Меңгеруі керек: Бақылау әдістерін қолдана отырып, фирманың шығындарын есептеу, ішкі және сыртқы ортаны талдау және бағалау, шығындарды, өндіріс көлемін және бағаны салыстыру негізінде шығындарды басқару бойынша тиімді басқару шешімдерін өз бетінше қабылдау; кәсіпорын шығындарын есептеу. Дағдылар: қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада шығындарды басқару, сондай-ақ басқару шешімдерін негіздеу үшін шығындарды басқару әдістері. Құзыреттер: арнайы
12	Контроллинг	4	Еңбек экономикасы Персоналды басқару	Сапаны басқару Инновациялық әлеуетті бағалау Өндірістік тәжірибе III	Мазмұны: бақылау ғылыми пән ретінде ресурстарды өлшеу теориясымен, өндірістік және экономикалық қызмет нәтижелері мен процестермен айналысады. Бақылаудың міндеті студенттерді теорияға, түрлі ресурстарда өлшеу әдістері мен құралдарына оқыту болып табылады: ресурстар (материалдар, еңбек, негізгі құралдар, қаржы және т. б.); функционалдық салалар мен процестер (өндіріс, ҒЗТҚЖ, сатып алу, өткізу және т. б.); басқару элементтері (есепке алу, жоспарлау, бақылау, талдау). Күтілетін нәтижелер: Білуі керек: бақылаудың негізгі түсініктері, олардың мәні, өзара байланысы және өзара тәуелділігі; ұйымдағы бақылауды басқарудың заманауи тәсілдерінің негіздері. Меңгеруі керек: Бақылау әдістерін қолдана отырып, фирманың шығындарын есептеу кәсіпорында (компанияда) бақылауды

